

Қазақстан Республикасы бойынша Қостанай облысы аумағынан тыс жерлерге емдеу-профилактикалық және басқа денсаулық сақтау мекемелеріне жіберген азаматтарға тегін немесе жеңілдікпен жол жүрулеріне көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қостанай облыстық мәслихатының 2005 жылғы 23 қыркүйектегі N 227 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қазанда N 3510 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2012 жылғы 19 шілдедегі № 61 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2012.07.19 № 61(бірінші ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес , 2003 жылғы 4 шілдедегі N 430 "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес, "253-016 азаматтарға елді-мекеннің сыртына емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету" облыстық бюджет бағдарламасының орындалуына бақылау жұмысын жүргізу мақсатында Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасы бойынша Қостанай облысы аумағынан тыс жерлерге емдеу-профилактикалық және басқа денсаулық сақтау мекемелеріне емдеуге жіберілген Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, босқын дәрежесі бар тұлғаларға, Қазақстан Республикасында тұрғылықты бар және Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрып жатқан азаматтықтары жоқ тұлғалар мен шетелдіктер үшін, егер отбасының (азаматтық) орташа айлық табысының жиынтығы белгіленген кедейшілік шегінен төмен болса, тегін немесе жеңілдікпен жол жүрулеріне көмек көрсету түрінде (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік көмек белгіленсін.

Әлеуметтік көмектің осы түріне құқығы бар отбасының (азаматтың) табысына қарамастан, қолданыстағы заңнамаға сәйкес комиссияның шешімі б о й ы н ш а .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Қостанай облысы мәслихатының 2008.07.11 N 115 шешімімен.

2. Сонымен қатар әлеуметтік көмек, егер дәрігерлік-кеңестік комиссияның тұжырымында ауруды алып жүру қажеттілігі көрсетілсе, ауруды алып жүру қажеттілігі көрсетілсе, ауруды алып жүрген бір адамға беріледі.

Аталған жағдай 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға, жасөспірімдерге тарамайды, өйткені әлеуметтік көмек ауру балаға, оны алып жүрген ата-ананың біреуіне, асырап алушыға, қамқоршыға, және басқа жақын туысына беріледі. "Жақын туыс" деген ұғым Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңына сәйкес анықталады.

3. Әлеуметтік көмек теміржол тарифы бойынша купелендірілген вагонның жол жүру құнының 100 пайыз мөлшерінде (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындыларын жазуға арналған журналдың үзіндісінде ұсынымдар бар болса (035/у нысаны) - арнайы вагон, "турист", "бизнес" класты вагондар), әуе (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындыларын жазуға арналған журналдың үзіндісінде ұсынымдар бар болса (35/у нысаны) не болмаса жолаушылар көлігі (таксиден басқа) бойынша көрсетілген көлік құралдары біреуімен жөнелту стансасынан профилактикалық мекеме тұрған стансаға дейін, не болмаса жол жүру құжаттарының негізінде жолаушылар автобусымен (баруы мен келуі), сонымен қатар теміржол көлігінде төсек бұйымдарын пайдаланғаны үшін көрсетіледі.

Темір жол, әуе, жолаушы көлігі жүретін станса (вокзал) арыз берушінің тұратын елді мекеннен қашық болса, кететін жерге жету керек болса, жалпы пайдаланымдағы темір жолмен немесе автокөлікпен (таксиден басқа) жүрген құжат болған жағдайда, жол жүру күні 100 пайыз көлемінде төленеді.

Ескерту. 3-тармақ өзгерту енгізілді - Қостанай облысы мәслихатының 2007.12.12 N 43 шешімімен.

4. Әлеуметтік көмек көрсету "Қостанай облысының денсаулық сақтау департаменті" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - денсаулық сақтау департаменті) жүктелсін.

Әлеуметтік көмек көрсету жасаған тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің операциялардың тиісті түрлеріне берілген лицензиясы бар, заңдылықтармен белгіленген тәртіппен конкурсты жеңіп алған мекемелер арқылы жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Қостанай облысының денсаулық сақтау департаменті әлеуметтік көмек тағайындалған азаматтардың тізімін жасап, есептеп, ай сайын Қостанай облыстық қаржы департаментіне қаржыландыруға тапсырыс беріп отырады.

4-1. Әлеуметтік көмек, егер арызданушы емделуден келген күнінен кейін алты айдан кешіктірмей өтінсе, төленеді. Келу күні арызданушы тұратын елді мекен пунктіне дейінгі, не болмаса теміржол, әуе, жолаушылар көлігінің келу стансасына дейінгі жол жүру құжаттарының негізінде анықталады (таксиден б а с қ а) .

Ескерту. 4-1-тармақ толықтырылды - Қостанай облысы мәслихатының 2007.12.12 N 43 шешімімен.

5. Емделуге байланысты емес жол шығын есесі өтелмейді.

6. Денсаулық сақтау департаментінде берілген шешімді азаматтардың әлеуметтік тиісті іс-шаралар қабылдау жолымен жүзеге асыру ұсынылсын.

7. Қостанай облыстық мәслихатының 2001 жылғы 26 желтоқсандағы N 167 " Қазақстан Республикасы бойынша Қостанай облысы аумағынан тыс жерлерге емдеу-профилактикалық және басқа денсаулық сақтау мекемелеріне жіберілген ауруларға жол шығынын өтеу жөнінде әлеуметтік көмек көрсетудің Ережелері туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын (2002 жылғы 7 ақпандағы мемлекеттік тіркеудің нөмірі 1213).

8. Осы шешімге бақылау жүргізу жұмысы облыстық мәслихаттың білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және халықты әлеуметтік қорғау сұрақтары бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Қостанай облыстық мәслихатының кезекті,
тоғызыншы сессиясының төрайымы*

*Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ
мәслихатының хатшысы*